2013 жылғы 03 маусым айындағы №12 келісім-шартқа
№ 1 қосымша келісім

Ленгер қаласы 2013 жыл «06» қыркүйек

Мемлекеттік мекеменің жарғысы негізінде әрекет ететін «Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі Тапсырысшы атынан бөлім басшысы М. Сатылдиев, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Корпорация Атамекен» ЖШС, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М. Төлтебаев, екінші жағынан, екінші жағынан, «Мемлекеттік сатып алу» Заңы 32 бабы 2 тармағы негізінде және 2013 жылдың 03 маусымындағы Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасында бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес, **«ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектепті қайта құру»** жұмыстары бойынша 467 «Аудандық құрылыс бөлімі» 037 «Білім беру обьектілерін салу және реканструкциялау» бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» ерекшелігі 431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» және 168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару бойынша мемлекеттік сатып алу туралы қосымша келісім жасады және мына төмендегідей келісімге келді:

1. Келісімшарттың мәні мен бағасы

1.1. Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы «ОҚО құрылыс басқармасы» 2013 жылы **«ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектепті қайта құру»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және осы жұмыстарды орындауға 2013 жылдың 03 маусымдағы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес **308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он)** теңге көлеміндегі сомаға Мердігерден өтінім қабылдаған. Мердігер ҚҚС төлеуші болып табылуына байланысты келісім-шарттың жалпы соммасы **345 151 980 (Үш жүз қырық бес миллион жүз елу бір мың тоғыз жүз сексен) теңгені** құрайды. Оның ішінде 308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он) теңге ҚҚС-сыз сомма, 36 980 570 (Отыз алты миллион тоғыз жүз сексен мың бес жүз жетпіс) теңге ҚҚС-ың соммасы. Төлеби аудандық мәслихатының 20.08.2013 жылғы №20/97-V шешіміне сәйкес, 2013 жылғы келісім-шарттың сомасы және 2013 жылғы лимиттін өзеруіне байланысты, қосымша келісімнің сомасы **296 459 808 (Екі жүз тоқсан алты миллион төрт жүз елу тоғыз мың сегіз жүз сегіз)** теңгені құрады. Оның ішінде 264 696 257 (Екі жүз алпыс төрт миллион алты жүз тоқсан алты мың екі жүз елу жеті) теңге ҚҚС-сыз сомма, 31 763 551 (Отыз бір миллион жеті жүз алпыс үш мың бес жүз елу бір) теңге ҚҚС-ың соммасы Соның ішінде 2013 жылғы қыркүйек айының 01 жұлдызына дейін атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес **87 538 000 (Сексен жеті миллион бес жүз отыз сегіз мың)** теңгесі мердігерге қаржыландырылған. Қосымша келісім бойынша қалдық сомма **208 921 808 (Екі жүз сегіз миллион тоғыз жүз жиырма бір мың сегіз жүз сегіз)** теңгені құрайды. «Корпорация Атамекен» ЖШС ҚҚС төлеуші болып табылады, осыған орай, ерекшеліктер бойынша

431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» 187 278 257 (Бір жүз сексен жеті миллион екі жүз жетпіс сегіз мың екі жүз елу жеті) теңге

168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару» 21 643 551 (Жиырма бір миллион алты жүз қырық үш мың бес жүз елу бір) теңге.

«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Корпорация Атамекен» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада қарастырылған материалдарды, жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

1.2. Мердігер осы Келісімшарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, **жұмыс комиссиясының оң қорытындысы туралы актісі мен** нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық

қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда, 2014 жылдың « 01 » қыркүйекке дейін аяқтауға міндеттеме алады.

1.3. Аталған қосымша келісім мемлекеттік сатып алу жөніндегі 2013 жылғы 03 маусымдағы №12 келісім-шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады және екі жақтың міндетті түрде орындалуы қажет.

2. Қосымша келісімнің әрекет ету мерзімі

2.1. Осы қосымша келісім бірдей заңды күші бар 2 данада түзілген және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2. Осы қосымша келісім қол қойған күннен бастап және ҚР ҚМ қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2013 жылдың 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

Тапсырысшы	Мердігер
«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» ММ	**«Корпорация Атамекен» ЖШС**
ИИК KZ44070103KSN5809000	**ИИК KZ178560000000507094**
БИК KKMFKZ2A	**БИК KCJBKZKX**
БИН 060240010222	**БИН 030440001681**
Код: 4673506	**Банк: «Банк Центр Кредит» АҚ**
Банк: Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы	**Мекен жайы: ОҚО, Төлеби ауданы Сарқырама ауылы**
Мекен жайы: Ленгір қ, Әйтекеби көшесі №28	
Бөлім бастығы	**Директор:**
М. Сатылдиев	**М.Толтебаев**

Жұмыстарды мемлекттік сатып алу туралы
№12 КЕЛІСІМ-ШАРТ

Ленгір қ. 2013 жылғы «03» маусым

Мемлекеттік мекеменің жарғысы негізінде әрекет ететін «Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі Тапсырысшы атынан бөлім бастығы М. Сатылдиев, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Корпорация Атамекен» ЖШС, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М. Толтебаев, екінші жағынан, екінші жағынан, «Мемлекеттік сатып алу» Заңы 32 бабы 2 тармағы негізінде және 2013 жылдың 03 маусымындағы Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасында бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес, «ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектебінің құрылыс» жұмыстары бойынша 467 «Аудандық құрылыс бөлімі» 037 «Білім беру обьектілерін салу және реканструкциялау» бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» ерекшелігі 431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» және 168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару бойынша мемлекеттік сатып алу туралы осы Келісімшартты (бұдан әрі – Келісімшарт) түзіп, мына төмендегі келісімге келді:

Келісімшарттың мәні мен бағасы

1.1 Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы ОҚО құрылыс басқармасы 2013 жылы **«ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектебінің құрылысы»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және осы жұмыстарды орындауға 2013 жылдың 03 маусымдағы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес **308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он)** теңге көлеміндегі сомаға Мердігерден өтінім қабылдаған. Мердігер ҚҚС төлеуші болып табылуына байланысты келісім-шарттың жалпы соммасы **345 151 980 (Үш жүз қырық бес миллион жүз елу бір мың тоғыз жүз сексен) теңгені** құрайды. Оның ішінде 308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он) теңге ҚҚС-сыз сомма, 36 980 570 (Отыз алты миллион тоғыз жүз сексен мың бес жүз жетпіс) теңге ҚҚС-ың соммасы. 2013 жылға Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектебінің құрылысына Төлеби аудандық мәслихатының 21.12.2012 жылғы №12/58-V шешіміне сәйкес, 2013 жылға жалпы соммасы **345 151 980 (Үш жүз қырық бес миллион жүз елу бір мың тоғыз жүз сексен) теңге.** «Корпорация Атамекен» ЖШС ҚҚС төлеуші болып табылады, осыған орай, ерекшеліктер бойынша

431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» 308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он) теңге

168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару» 36 980 570 (Отыз алты миллион тоғыз жүз сексен мың бес жүз жетпіс) теңге.

Төлеби аудандық құрылыс бөлімі мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Корпорация Атамекен» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада қарастырылған материалдарды, жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

Төлемнің тәртібі мен мерзімі

2. Осы Келісімшарт бойынша Тапсырыс беруші орындалған жұмыстар көлемі үшін Мердігерге 2013 жылға осы шартта көрсетілген соманы төлеуге міндетті.

Төлем тәсілі – нақтылы емес.

3. **Осы Келісімшарт бойынша төлем бюджеттік бағдарламаға сәйкес, инжинирингтік қызмет көрсетуші -Инженердің қол қоюымен рәсімделген орындалған жұмыс актілері мен анықтамасын (Ф-№2,3) Тапсырыс берушінің есеп-шотына ақшалай қаражаттың түсуіне байланысты жүргізіледі.**

4. **Орындалған жұмыстардың қабылдау-өткізу актілері әр айдың 20-шы (жиырмасыншы) күнінен кешіктірмей жүргізіледі.**

5. Тапсырыс беруші тарапынан авансты төлеу көзделмеген жағдайына сәйкес Мердігердің есеп шотына Тапсырысшы ақшалай қаражаттың түсуіне және атқарылған жұмыстарына байланысты 2013 жылдың **шілдесіне** дейін төлейді.
Мердігер төлемдерді құрылыс материалдарына, жабдықтарға, құрылыс алаңшаларын дайындауға және еңбекақы төлеуге пайдаланылуы тиіс

6. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде, инжинирингтік қызмет көрсетуші «Инженердің» қолы қойылған орындалған жұмыс актілеріне сәйкес жүргізіледі.

7. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Мердігерден қабылданған жұмыстар көлемінің кесімді сомасынан Келісімшарт құнының **5 пайызын** ұстап қалады, Мердігерге түпкілікті есеп айырысу өндірістік кестеде қаралған барлық жұмыс түрлері орындалып, сондай-ақ салынған нысанды пайдалануға енгізу туралы бекітілген мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі ұсынылғаннан кейін жүргізіледі. **Сондай-ақ, Мердігер өткізу-қабылдау актісі негізінде құрылыс нысаны бойынша барлық шығындарды (құрылыс жабдықтарының және құрылыс-монтаждау жұмыстарының шығынын) құрылыс нысанын пайдалануға қабылдайтын мекеменің қызырына тапсыруы тиіс.**

8. Тапсырыс беруші Мердігерге түпкілікті ақы төлеуді, Мердігер осы шарт бойынша міндеттемелерді және ақауларды түзету жөніндегі өзінің барлық міндеттемелерін толық орындаған жағдайда жүргізеді.

9. Төменде аталған құжаттар мен оларда айтылған талаптар осы шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

1) осы шарт;
2) жобалық-сметалық құжаттама;
3) шарттың орындалуын қамтамасыз ету;
4) жұмыстардың өндірістік кестесі;
5) қаржыландыру жоспары.

10. Өтпелі нысандар бойынша Мердігерге түпкілікті төлем ақы жобалық-сметалық құжаттама негізінде, инжинирингтік қызмет көрсетуші - инженердің қолы қойылған орындалған жұмыс актілеріне сәйкес жүргізіледі.

11. Пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша Тапсырыс беруші Келісімшарт құнының 5 пайызын ұстап қалады. Мердігерге түпкілікті есеп айырысу жобалық-сметалық құжаттамада қаралған барлық жұмыс түрлері орындалып, салынған нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссиясының қолы қойылған актісі мен уақытша ғимараттар (үймереттер) құнынан 15% көлемдегі соманы мемлекетке қайтару туралы растау қағазы ұсынылғаннан кейін жүргізіледі.

12. Төменде аталған құжаттар Келісімшартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

1) жобалық-сметалық құжаттама;
2) Келісімшарттың орындалуын қамтамасыз ету кепілі;
3) жұмыстардың өндірістік кестесі;
4) қаржыландыру жоспары.

Міндеттемелерді орындау мерзімдері

10. Мердігер Келісімшартты түзген күннен 10 жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге конкурстық құжаттамада көрсетілген шарттағыдай Келісімшарттың жалпы құнынан 3 пайыз көлемінде Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін тапсыруға міндетті. Мердігермен Келісімшарт орындалуының кепілі 10 жұмыс күнінен кешіктірілген немесе тапсырылмаған жағдайда, Мердігермен конкурсқа қатысуға енгізілген 1% көлеміндегі қамтамасыз ету сомасы облыстық бюджетке аударылады.

Шартты орындалуын қамтамасыз ету мөлшерін мемлекеттік сатып алу туралы шартта авансты төлеу көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді.

Егер мемлекеттік сатып алу туралы шартта аванс төлеу көзделген жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етуді авансқа тең мөлшерде мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы белгілейді, ол мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жалпы сомасының үш пайызынан кем болмауы тиіс.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді мемлекеттік сатып алу туралы онымен жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы, толық және тиісінше орындауға кепілдік ретінде енгізеді.

Өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етудің мынадай түрлерінің бірін таңдауға құқылы:

1) тапсырыс берушінің банктік шотына не мемлекеттік органдар және мемлекеттік мекемелер болып табылатын тапсырыс берушілер үшін Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында көзделген шотқа енгізілетін кепілдік ақшалай жарна;

2) банктік кепілдік.

11. Келісімшартқа қол қойылғаннан кейін Мердігер **10 күн ішінде** Тапсырыс берушіге Объектінің құрылысын жүргізу бойынша конкурстық өтінімге сәйкес жұмыстардың орындалу тәртібі мен мерзімі көрсетілген өндіріс кестесін бекітуге ұсынады.

12. Мердігер осы Келісімшарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, **жұмыс комиссиясының оң қорытындысы туралы актісі мен** нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда, 2013 жылдың « 01 » желтоқсанына дейін аяқтауға міндеттеме алады.

Тараптардың құқығы мен міндеттері

13. Тапсырысшы Мердігерге құрылыс алаңын беруге міндетті.

14. Тапсырысшы құрылыстың кез келген кезеңінде жұмыстың сапасына сынақ жүргізуге құқылы. Ақаулар анықталған жағдайда, ақауларды қалпына келтіру мерзімін көрсетумен Мердігерді жазбаша түрде хабардар етеді, ал Мердігер өз есебінен оларды белгіленген мерзім ішінде жоюға міндетті.

15. Тапсырысшы Мердігердің жұмыстарынан табылған қандай да бір залал немесе қандай да бір келтірілген зақымға жауапкершілік алмайды және Мердігер қандай да бір зақымды, залалды және т.б. кемшіліктерді түзетуді қосымша өтеу ақысыз жүзеге асырады.

16. Мердігер қоршаған ортаға эмиссиялар үшін экологиялық рұқсат құжаттарын алуға міндетті.

17. Мердігер құрылысты және оған байланысты жұмыстарды жұмыстың көлемі мен мазмұнын және жұмысқа қойылатын басқа да талаптарды айқындайтын жобалау құжаттамасы мен жұмыстың бағасын айқындайтын сметаға сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

18. Бөлшектер мен конструкцияларды қоса алғанда, құрылысты материалдармен, сондай-ақ жабдықтармен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді мердігер мойнына алады.

19. Мердігер орындау кезінде Тапсырысшының мүлкіне келтірілген залалға немесе шығындарға және жұмысшылардың денсаулығы мен меншігіне келтірілген қауіпке, жұмысшылардың өліміне, сондай-ақ нысандағы жұмыстар өндірісінің техникалық қауіпсіздігіне толық жауапкершілікте болады.

20. Мердігер білімін және барлық мүмкіншілігін пайдаланып, жұмысты бақылауға алып, бағыттап отыруы тиіс. Мердігер Келісімшарт бойынша қаржыларға, әдістеріне, техникасына, жұмыстардың орындалу дәйектілігі мен сапасына, сондай-ақ барлық жұмыстарды үйлестіруге және бақылау жасауға жауапты.

21. Мердігер орындалған жұмыстарды және жұмыстарға байланысты барлық материалдарды, жабдықтарды, ресурстарды және өзге де позицияларды: жаңбырға, су тасқынына, аязға, өртке, ұрлауға және өзге де себептерге байланысты зиянның, зақымданудың, жойылудың барлық түрлерінен қорғауды қамтамасыз етуге міндетті. Мердігер өзінің жұмыстарын жүргізу кезінде жоба бойынша басқа жұмыстарды, сондай-ақ Тапсырыс берушіге тиесілі меншікті және оған тиесілі құрылыстарды қандай да бір зақымдану түрлерінен және жолды, ғимараттарды, материалдардың қоймаларын және жылжымалы және жылжымайтын мүліктің өзге де түрлерін қоса алғанда (бірақ, онымен

шектеліп қоймай) басқа да себептерден қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. **Осыған орай, шеккен барлық шығындар Мердігерге Тапсырыс берушінің тарапынан қосымша өтелуге жатпайды.**

22. Мердігер Тапсырысшыға шарт бойынша жеткізілген материалдар мен жабдықтардың сапалы және техникалық ерекшеліктерге және жобалау-сметалық құжаттамаларға сәйкес болуына және кемшіліксіз, жұмыстар сапасының ЖСҚ талаптарына сай орындалуына кепілдік береді. Бұл талаптарға сәйкес келмейтін, сонымен бірге негізсіз, заңсыз өзгерістер болса, аталған жұмыс ақау деп танылады.
Тапсырысшының талабы бойынша Мердігер материалдар мен жабдықтардың сапасын лабораториямен куәландыратын құжаттарды ұсынуы тиіс.

23. Мердігер нысанға жеткізілуі тиіс барлық әкелінген материалдар мен жабдықтардың тасымалдауын, жеткізіп берілуін, түсірілуін (жүк) және сақталуын ұйымдастыруға жауапты. Тапсырысшы жеткізіп беру, өңдеу, сақтау және тасымалдау қаражаттарының, құралдарының тұрып қалуын төлеуге қатысты шығындарға қандай да бір жағдайда өзіне жауапкершілік алмайды, ешқандай жеткізіп беру Тапсырысшыға жолданбауы тиіс.

24. Мердігер учаске аумағындағы барлық қоқысты тазартып, жедел түрде тәртіпке келтіріп, таза ұстауы тиіс.

25. Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің (мердігерлік бағасының) 2/3 бөлігінен аспайтын шарт жасаса алады, және Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз шартты үшінші тұлғаға бере алмайды. Қосалқы мердігерлердің болуы Тапсырыс беруші мен Мердігер арасындағы Келісімшарт талаптарын өзгертпейді.

Мердігер Келісімшартта қаралған жұмыстарды орындау үшін қосалқы мердігерлік ұйымдарды тартқан жағдайда, Мердігер қосалқы мердігерлік ұйыммен тиісті келісімшартты түзгенге дейін мердігерлік ұйымды тартуға Тапсырыс берушіден рұқсат алуы тиіс. Мердігер мұндай рұқсатты алу үшін Тапсырыс берушіге қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігерлік ұйымның лицензиясының нотариалды растаған көшірмесін қосымша тіркеп, қосалқы мердігерге беру жоспарланған жұмыстарды тізімі мен көлемдерін көрсете отырып, ресми сұрауларды жолдайды. Тапсырыс беруші қосалқы мердігерден жұмыстарды қосалқы мердігерге берілетін жұмыстарды орындауға қосалқы мердігердің біліктілік талаптарға сәйкестігін растау мақсатында қосалқы мердігерлік ұйымның өзге де құжаттарын сұратуға құқылы.

26. Нысанда Қосалқы мердігерлер болған жағдайда, Мердігер өзінің жұмыстарын олармен үйлестіріп орындауы тиіс.

27.Мердігер Келісімшарт негізінде Тапсырысшының алдында өзінің жұмысшыларының, қосалқы мердігерлерінің, қосалқы мердігерлер жұмысшылары мен сенімді адамдарының, сондай-ақ Келісімшарт аясында жұмыс бөлігін атқарып жүрген басқа да адамдардың әрекеттері мен жіберген қателіктеріне жауапкершілік алады.

28. Мердігер негізгі қызметтерге біліктілігі туралы мәліметтерде көрсетілген қызметкерлерді жалдауы тиіс. Бұл адамдар өзге адамдарға ауыстырылған жағдайда Тапсырыс берушінің келісімін алуы тиіс. Жаңа қызметкерлердің біліктілігі біліктілік туралы мәліметтерде санамаланған қызметкерлердің біліктілігіне тең немесе одан жоғары болуы тиіс.

29. Егер Тапсырыс беруші Мердігерден мердігердің немесе қосалқы мердігердің қызметкері болып табылатын адамды, себептерін көрсете отырып, Объектідегі жұмыстарды орындаудан аластатуды сұрайтын болса, Мердігер мұндай адамды 72 сағат ішінде құрылыс объектісінен кетіруге міндетті, одан кейін бұл адамның осы Келісімшарт бойынша жұмыстарды орындаумен ешқандай байланысқа түспеуі қажет.

30. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

31. Мердігер жұмыстарды Келісімшарт бойынша белгіленген мерзімде бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесіне сәйкес орындауға міндетті. Мердігер құрылыс

нысанында жұмыстардың өндірістік кестесінде бекітілген кәсіби жұмысшылар мен көлік механизмдерінің болуын қамтамасыз етуге тиіс.

Жұмыстардың аяқталу күні Мердігердің өндіріс кестесіне сәйкес, барлық жұмыс түрлерін аяқтап, Тапсырыс берушіге барлық комиссия мүшелері қол қойған нысанды пайдалануға қабылданған актісінің (мемлекеттік қабылдау актісі) ұсынылған күні болып есептеледі.

Нысанның (объектінің) пайдалануға берілгендігі туралы актіге қол қойылған күн мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға берілген күні деп есептеледі.

Нысанды пайдалануға қабылданған актісінің (мемлекеттік қабылдау актісі) ұсынылуы, осы Келісімшарттың 12-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірілмеуге тиіс. Осы мерзімнен кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Келісімшарт орындалуын қамтамасыз ету кепілін жергілікті бюджетке аударуға міндетті.

32. Мердігер пайдалануға тапсырылатын нысандар бойынша **барлық шығындарды (құрылыс жабдықтарының, құрылыс-монтаждау жұмыстарының, технологиялық және/немесе медициналық құрал-жабдықтарды) пайдалануға қабылдайтын мекеменің қызырына өткізу-қабылдау актісі негізінде тапсыруыға міндетті.**

33. Мердігер Мемлекеттік сәулет-құрылыс инспекциясы қызметкерлерінің салынып (реконструкцияланып, кеңейтіліп, жаңғыртылып, күрделі жөндеуден өткізіліп) жатқан объектілер мен кешендерге кедергісіз кіруін және оларда жүргізіліп жатқан құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасына жедел инспекциялық тексеруді жүргізуін қамтамасыз етуге міндетті.

34. Мердігер Келісімшартта көрсетілген жұмыстардың барлығы аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге жұмыстардың аяқталғаны жөнінде жазбаша хабарлама береді. Тапсырыс беруші инжинирингілік қызмет көрсетуші-инжинерді қатыстыра отырып, бес күннен кем емес мерзімде аяқталған жұмыстарды бағалау жөнінде комиссия (жұмыс комиссиясын) тағайындайды.

35. Жұмыс комиссиясы **ескертпе ретінде анықталған ақаулар мен орындалмаған** жұмыстардың тізімін құрайды және оларды жою мерзімін белгілейді. **Ескертпелер жойылған** күні жұмыс комиссиясының оң қорытындысы берілген күні болып табылады. Барлық шикіліктерді жою фактісі нысандарды пайдалануға берудің түпкілікті қабылдау Актісімен анықталады (Мемлекеттік қабылдау комиссия актісімен).

36. Нысанның қалыпты жұмысының және оған кіретін жабдықтардың жобалық-сметалық құжаттама, инженерлік жүйесі, материалдары мен жұмыстарының кепілдік мерзімі нысан **пайдалануға қабылданған күнінен бастап 60 ай** ұзақтығымен белгіленеді (егер Мердігер конкурстық өтінімде бұдан ұзақ өзге мерзім көрсетпесе), қасақана оған басқа үшінші жақтан зиянкестік келтірілгенін қоспағанда.

37. Мердігер нысан **пайдалануға қабылданған күннен бастап** пайдалануға қабылдайтын ұйыммен **Кепілді мерзімі** туралы келісім жасасуға міндетті.

38. Кепілді мерзімі кезеңінде нысанның қалыпты жұмысына мүмкіндік бермейтін кемшіліктер мен ақаулар анықталса, онда Мердігер анықталған кемшіліктерді жоюды өз есебінен жүзеге асыруға міндеттенеді. Мұндай кемшіліктерді Мердігер Пайдалануға қабылдайтын ұйыммен арада түзілген Кепілдік туралы келісімде көрсетілген мерзімде жояды.

39. Егер Мердігер Келісімшарт талаптарын бұзып, түзету арқылы өз міндеттемелерін орындамаса, сондай-ақ Мердігер жобалау-сметалық құжаттарына сәйкес жұмыстарды аяқтауға қабілетсіз болса, Тапсырысшы орындалмаған міндеттемелердің себептерін жоюға дейін жұмыстарды толық немесе бөлігін тоқтату жөнінде жазбаша алдын-ала өкім бере алады.

40. Мердігер жергілікті қамтуды, яғни еңбек ақы төлеуді, сондай-ақ, материалдар мен жабдықтарды отандық өндірушілерден сатып алуды конкурстық өтінімге сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

41. Егер форс-мажорлық жағдайлар орын алса немесе Тапсырыс беруші ұсынған ауытқулар бойынша атқарылатын жұмыстар қосымша мерзімдерді талап етсе, сондай-ақ

егер жұмыстарды орындау барысында қосымша еңбек шығындарын талап ететін жасырын ақаулар анықталған жағдайларда, ол жұмыстарды орындау мерзімін ұзартады. Бұл ретте, Мердігер қолданыстағы заңнамалардың талабына сәйкес, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуі тиіс.

Айып санкцияларын қолдану шарттары

42. Егер Мердігер Келісімшартта көрсетілген жұмыстарды өндіріс кестесіндегі мерзімнен кешіктірсе, әрбір кешіктірген күніне орындалмаған жұмыстар көлемінің сомасынан 1 пайыз тұрақсыздық (неустойка) түріндегі соманы Тапсырыс берушіге төлейді.

43. Жұмыстар сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан мерзімі өткен әрбір күніне 0,2 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

44. Осы тармақта көрсетілген тұрақсыздық Мердігердің сапасыз орындалған жұмыстарды жойғанға дейін (қалпына келтіргенше) есептеледі. Жою фактісі Мердігердің, Тапсырыс берушінің және Инженердің қолы қойылған, сапасыз орындалған жұмыстардың жойылғанын куәландыратын актімен расталуы тиіс.

45. Келісімшарттың кепілді мерзімі ішінде нысанның кемшіліктері мен ақауларын жою бойынша міндеттемелерін бұзғаны үшін Мердігер Тапсырыс берушіге Келісімшарт құнынан 5 пайыз көлемінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

Бұдан басқа, жаңа құрылыстың пайдалануға тапсырылған күннен бастап бір жылдың ішінде анықталған ақаулар үшін Келісімшарт құнынан - 0,5 пайызын, екінші жылы – 0,3 пайыз, үшінші жылы – 0,2 пайыз, төртінші жылы – 0,2 пайыз, бесінші жылы - 0,1 пайыз айыппұл ретінде мемлекет пайдасына төлеуге міндетті.

46. Келісімшартта қаралған тұрақсыздық пен айып санкциялары Мердігер Тапсырыс берушіден тұрақсыздық пен айып санкцияларын төлеу туралы талаптарын алған күннен 5 (бес) жұмыс күні ішінде төленуге жатады. Мердігер осы жүргізілген төлемдерді растайтын төлем құжаттарын осы тармақта белгіленген мерзімде Тапсырыс берушіге ұсынуы тиіс.

47. Мердігер Келісімшартты орындаудан бас тартса немесе Мердігердің кінәсінен Келісімшарт бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіге шарттың құнынан 10 пайыз көлемде тұрақсыздық (айып) төлейді.

48. Мердігер жұмыстарды толығымен орындамаған немесе ішінара орындаған жағдайда Тапсырыс берушіге төленген аванстық төлем сомасын (егер ол төленген болса), аванстың жалпы сомасы мен атқарылған жұмыстардың құнының арасындағы айырмасы бөлігін Тапсырыс берушінің талап етілген күнінен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде қайтаруы тиіс. Егер өнім беруші 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Келісімшарт бойынша аванстық төлемнің төленген сомаларын қайтармаған жағдайда, осы тармақ бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін аванс сомасынан 0,1% өсім есептелетін болады. Аванс соманы қайтару міндеттемесі осы Келісімшарттың әрекет ету мерзіміне тәуелді емес.

Игерілмейтін күштің әрекеттері

49. Тараптар осы Келісімшарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық, жарым-жарты орындау жауапкершілігінен босатылады, егер де игерілмейтін күштің салдарынан жұмысты орындауға мүмкіншілігі болмаса, яғни аталған жағдайды қалпына келтіре алмайтын төтенше жағдайлар: апатты құбылыстар, өрт, әскери қимылдар, Келісімшарттың міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын нормативтік актілерді қабылдау, заңдылықтардағы өзгерістер орын алғанда.

50. Форс-мажорлы жағдайлар орын алғанда, осындай жағдай болған Жақ басқа Тарапты аталған жағдайдың орын алуы жөнінде 5 (бес) **жұмыс** күннен кеш емес уақытта құзіретті органмен расталған хатпен жазбаша түрде хабардар етеді.

Келісімшартты өзгерту мен толықтыру тәртібі

51. Келісімшарт енгізілген кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер де олар жазбаша түрде рәсімделіп және екі жақтың қолы қойылған болса, заңды күші бар.

52. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда келісімшартта көрсетілген мерзімге дейін Келісімшартты біржақты бұзуға құқылы:

1) Мердігердің кінәсінен бекітілген жұмыстардың өндірістік кестесінен қалу фактісі 1 реттен аса бұзылса;

2) Мердігердің кінәсінен 1 реттен аса жобада қаралған жұмыстардың сапасы төмендесе;

3) Мердігер Тапсырыс берушінің рұқсатынсыз 10 күннен аса мерзімге жұмысты тоқтатса;

4) Мердігер ақаулар туралы хабарламаны алып, ақауды Тапсырыс беруші немесе Инженер белгілеген уақыт ішінде жоймаса;

5). Мердігер оның қайта ұйымдастырылуын немесе бірлесуін қоспағанда, банкротқа ұшыраса немесе қандай да бір себептермен таратылса

6) Мердігер жобалау құжаттамасында және Келісімшартта көрсетілген жұмыстарды жүргізу ережелері мен нұсқаулықтарын ескермейтін болса;

7) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымдармен жұмыстардың жалпы көлемінің 3/2 бөлігінен асатын шарт жасасқан жағдайда;

8) Мердігер қосалқы мердігерлік ұйымды Тапсырыс берушінің жазбаша рұқсатынсыз жұмыстарды орындауға жіберсе;

9) Тапсырыс беруші құрылыстың кейінгі қаржыландыру мүмкіншілігін тоқтатса;

10) Құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізуге лицензия әрекетінің қайтарылуы, тоқтатылуы немесе лицензияның категориясы құрылыс нысанның күрделігіне (категориясына) сәйкес келмеу жағдайында, сонымен қатар сот шешімі негізінде мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы реестіріне енгізілсе;

11) Мердігер осы Келісімшарт бойынша көрсетілген өзге да міндеттемелерді орындамаса.

53. **Келісімшартты бұзатын тарап, басқа тарапқа бұл жөнінде 10 күн алдын ала жазбаша хабарлайды (ескертеді).**

Хабарламада (ескертуде) Келісімшарттың бұзу себебі, жойылған жұмыстардың көлемі және Келісімшарт қай күннен бастап бұзылған деп есептелетіні жөнінде айтылады.

54. Келісімшарт бұзылса, Мердігер жұмысты дереу тоқтатып, белгіленген тәртіппен (қабылдау-өткізу актісімен) оны Тапсырыс берушіге тапсыруды қамтамасыз етеді.

55. Егер Келісімшарт осы Келісімшарттың 52-тармағы негізінде бұзылса, Тапсырыс беруші айыппұл санкцияларын, тұрақсыздықтарды шегере отырып, Мердігерге іс жүзінде орындалған жұмыстар үшін қалған соманы төлейді. Егер Келісімшартты бұзумен байланысты айыппұл санкциялары, тұрақсыздықтар Мердігерге тиесілі жалпы сомадан асып түссе, айырмасы Тапсырыс берушіге 5 (бес) жұмыс күн ішінде төлеуге жататын борышты құрайды.

56. Келісімшартты бұзуға байланысты қаржылық есеп шешілгенге дейін нысандағы барлық материалдар мен жабдықтар, сондай-ақ уақытша құрылымдар мен орындалған құрылыс жұмыстары Тапсырыс берушінің меншігі болып саналады және оның иелігінде болады.

57. Алдыңғы жылға нысанның құрылысына бюджеттен қаржыландыру тоқтатылса (бюджетте тиісті қаражаттың болмау салдарынан), Келісімшарт сол жылға түзілмейді және Мердігер осы негіздер бойынша дау келтірмейді.

58. **Осы Келісімшартта тікелей қаралмаған міндеттемелер мен құқықтар Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі.**

59. Мердігермен осы Келісімшартта көзделген міндеттемелер орындамаған не тиісті дәрежеде орындамағаны үшін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануға негіз болады.

60. Нысандардың құрылыс мәселелеріне қатысты Тапсырыс беруші мен Мердігердің ресми келіссөздері тек жазбаша түрде ғана күші бар.

61. Осы Келісімшарттың қаржыландыру жағынан іс-әрекет мерзімі 2013 жылдың «31» желтоқсанына дейін.

62. Осы Келісімшарт әр тарапқа бірдей заңды күші бар 3 данада құралған, яғни әр тарапқа біреуден құрылған.

63. Осы Келісімшарт Тапсырыс беруші оны аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін және Мердігердің Шарттың атқарылуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін күшіне енеді.

64. **Келісімшарт бойынша туындаған барлық даулар өзара шешілмеген жағдайда Оңтүстік Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында қаралады.**

65. Тараптардың мекен жайы мен реквизиттері:

Тапсырысшы	**Мердігер**
«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» ММ	**«Корпорация Атамекен» ЖШС**
ИИК KZ44070103KSN5809000	**ИИК KZ178560000000507094**
БИК KKMFKZ2A	**БИК KCJBKZKX**
БИН 060240010222	**БИН 030440001681**
Код: 4673506	**Банк: «Центр Кредит»АҚ ШФ**
Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы	**Мекен жайы: ОҚО, Төлеби ауданы Сарқырама ауылы**
Мекен жайы: Ленгір қ, Әйтекеби көшесі №28	
Бөлім бастығы	**Директор:**
_____М. Сатылдиев	**_____М.Толтебаев**

2013 жылғы 03 маусым айындағы №12 келісім-шартқа
№ 2 қосымша келісім

Ленгір қаласы 2013 жыл «18» желтоқсан

Мемлекеттік мекеменің жарғысы негізінде әрекет ететін «Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі, бұдан әрі Тапсырысшы атынан бөлім басшысының міндетін атқарушы Е.Бекболатов, бір жағынан және Жарғы негізінде әрекет ететін «Корпорация Атамекен» ЖШС, бұдан әрі аталуы Мердігер атынан директоры М. Төлтебаев, екінші жағынан, екінші жағынан, «Мемлекеттік сатып алу» Заңы 32 бабы 2 тармағы негізінде және 2013 жылдың 03 маусымындағы Оңтүстік Қазақстан облысы құрылыс басқармасында бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес, **«ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектепті қайта құру»** жұмыстары бойынша 467 «Аудандық құрылыс бөлімі» 037 «Білім беру обьектілерін салу және реканструкциялау» бюджеттік бағдарламасының кіші бағдарламашасы 015 «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» ерекшелігі 431 «Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау» және 168 «Сатып алынатын тауарлар, қызмет көрсетулер мен жұмыстар бойынша ҚҚС сомасын өнім берушілерге аудару бойынша мемлекеттік сатып алу туралы қосымша келісім жасады және мына төмендегідей келісімге келді:

1. Келісімшарттың мәні мен бағасы

1.1. Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы «ОҚО құрылыс басқармасы» 2013 жылы **«ОҚО, Төлеби ауданы, Көксәйек елді мекеніндегі М.Х. Дулати атындағы жалпы орта мектепті қайта құру»** жұмыстарын мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырған және осы жұмыстарды орындауға 2013 жылдың 03 маусымдағы бір көзден мемлекеттік сатып алу туралы № 145 қорытынды хаттамасына сәйкес **308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он)** теңге көлеміндегі сомаға Мердігерден өтінім қабылдаған. Мердігер ҚҚС төлеуші болып табылуына байланысты келісім-шарттың жалпы соммасы **345 151 980 (Үш жүз қырық бес миллион жүз елу бір мың тоғыз жүз сексен) теңгені** құрайды. Оның ішінде 308 171 410 (Үш жүз сегіз миллион жүз жетпіс бір мың төрт жүз он) теңге ҚҚС-сыз сомма, 36 980 570 (Отыз алты миллион тоғыз жүз сексен мың бес жүз жетпіс) теңге ҚҚС-ың соммасы. Төлеби аудандық мәслихатының 12.12.2013 жылғы №25/111-V шешіміне сәйкес, 2013 жылғы лимиттің өзеруіне байланысты, қосымша келісімнің сомасы **278 859 808 (Екі жүз жетпіс сегіз миллион сегіз жүз елу тоғыз мың сегіз жүз сегіз)** теңгені құрады. Оның ішінде 248 981 971 (Екі жүз қырық сегіз миллион тоғыз жүз сексен бір мың тоғыз жүз жетпіс бір) теңге ҚҚС-сыз сомма, 29 877 837 (Жиырма тоғыз миллион сегіз жүз жетпіс жеті мың сегіз жүз отыз жеті) теңге ҚҚС-ың соммасы. 2013 жылғы желтоқсан айының 01 жұлдызына дейін атқарылған жұмыстар актісіне сәйкес **278 859 808 (Екі жүз жетпіс сегіз миллион сегіз жүз елу тоғыз мың сегіз жүз сегіз)** теңгесі мердігерге төленген.

«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі аталған сомаға тапсырыс қабылдауды «Корпорация Атамекен» ЖШС-не міндеттейді және бұл сомаға құрылыс-монтаждау жұмыстары, қосымша құн салығы, сметада қарастырылған материалдарды, жабдықтарды сатып алу шығындары жатады.

1.2. Мердігер осы Келісімшарт бойынша жұмыстардың барлық түрлерін өндіріс кестесіне сәйкес, сондай-ақ, **жұмыс комиссиясының оң қорытындысы туралы актісі мен** нысанды пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылдау комиссияларының толық қолы қойылған актісін ұсыну мерзімін қоса алғанда, 2014 жылдың « 20 » тамызға дейін аяқтауға міндеттеме алады.

1.3. Жұмыстар сапасының бұзылғаны үшін жобалық-сметалық құжаттамадан ауытқуын, Қазақстан Республикасында әрекет ететін техникалық нормалар мен ережелерді қоса алғанда, бірақ онымен шектеліп қоймай, жұмыста техникалық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін материалдар мен жабықтарды қолданғанда, қолданыста пайдалануда болған материалдар мен жабдықтарды пайдаланғанда – Мердігер сапасыз орындалған жұмыстардың құнынан мерзімі

өткен әрбір күніне 1 пайыз сомасында Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын төлейді.

1.4. Мердігер көрсетілген мерзімде тұрақсыздық пен айыппұл санкцияларын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған жағдайда тапсырысшы келісім-шарт құнынан есептелген тұрақсыздықтар мен айыппұл санкцияларының сомасын алып тастауға және мердігерге тұрақсыздықтар мен айыппұл санкциялары шегерілген кезекті төлем жасауға құқылы.

1.5. Аталған қосымша келісім мемлекеттік сатып алу жөніндегі 2013 жылғы 03 маусымдағы №12 келісім-шарттың бөлінбейтін бөлігі болып табылады және екі жақтың міндетті түрде орындалуы қажет.

2. Қосымша келісімнің әрекет ету мерзімі

2.1. Осы қосымша келісім бірдей заңды күші бар 2 данада түзілген және шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

2.2. Осы қосымша келісім қол қойған күннен бастап және ҚР ҚМ қазынашылық органдарында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2013 жылдың 31 желтоқсанға дейін әрекет етеді.

Тапсырысшы	Мердігер
«Төлеби аудандық құрылыс бөлімі» ММ	**«Корпорация Атамекен» ЖШС**
ИИК KZ44070103KSN5809000	**ИИК KZ178560000000507094**
БИК KKMFKZ2A	**БИК KCJBKZKX**
БИН 060240010222	**БИН 030440001681**
Код: 4673506	**Банк: «Банк Центр Кредит» АҚ**
Банк: Төлеби аудандық қазынашылық басқармасы	**Мекен жайы: ОҚО, Төлеби ауданы Сарқырама ауылы**
Мекен жайы: Ленгір қ, Әйтекеби көшесі №28	
Бөлім басшысының міндетін атқарушы	**Директор:**
Е. Бекболатов	**М.Толтебаев**